

ХАТТАМА

2022 жылғы 14 қыркүйек

**Қатысқаны:** 37 ата-ана

**Тақырыбы:** «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

**Қатысқандар:** 1 а, 1 ә, 1 б сынып жетекшілері, ата-аналар.

**Күн тәртібінде:**

1. Мектептің ішкі тәртіп ережесі туралы
2. Жасөспірімдер мен мектеп оқушылары арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу.
3. 1-сынып оқушыларының жаңа оқу жағдайларына бейімделуі

**Тыңдалды:**



2022 жылғы 14 қыркүйегі күні №69 жалпы білім беретін орта мектебі КММ бойынша 1 класс ата-аналарына арналған "Бала қауіпсіздігі-басты назарда" тақырыбында ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыста 1 класс оқушыларының мектепке бейімделуі, мектептің типтік ережесі, мектеп формасының сақталуы, оқушылардың сабақтан бос уақытындағы үйірме кестелері туралы мәселелер қаралды.

Жиналысқа мектеп инспекторы Н.Қиюбек жасөспірімдер арасындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу шаралары, "Қауіпсіз маршрут" құру туралы кеңес берді.

Жиналыста мектеп психологы А.Саин балаларға қолдау көрсетудегі ата-аналар үшін психологиялық тренинг өткізді. Жиналыста мектеп директоры А.Абжалелова, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Рахметова, 1 класс жетекшілері С.Иманиязова, Г.Жумашева, Н.Жайлаубаева сөз сөйледі.



## ХАТТАМА

2022 жылғы 13 қыркүйек

**Қатысқаны:** 42 ата-ана

**Тақырыбы:** «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

**Қатысқандар:** 5-класс жетекшілері, ата-аналар.

**Күн тәртібінде:**

1. Мектептің ішкі тәртіп ережесі туралы
2. Жасөспірімдер мен мектеп оқушылары арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу.
3. Бейімделу кезіндегі баланың мінез-құлқындағы ерекшеліктері

**Тыңдалды:**



2022 жылғы 13 қыркүйегі күні №69 жалпы білім беретін орта мектебі КММ бойынша 5 класс ата-аналарына арналған "Бала қауіпсіздігі-басты назарда" тақырыбында ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыста 5 класс оқушыларының негізгі буынға бейімделуі, мектептің типтік ережесі, мектеп формасының сақталуы, оқушылардың сабақтан бос уақытындағы үйірме кестелері туралы мәселелер қаралды. Жиналысқа мектеп инспекторы Н.Қиюбек

жасөспірімдер арасындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу шаралары, "Қауіпсіз маршрут" құру туралы кеңес берді. Жиналыста мектеп психологы А.Саин балаларға қолдау көрсетудегі ата-аналар үшін психологиялық тренинг өткізді. Жиналыста мектеп директоры А.Абжалелова, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Рахметова, 5 класс жетекшілері Г.Алашбаева, Г.Сарсепбаева, А.Айдарбек сөз сөйледі.



## ХАТТАМА

2022 жылғы 19 қыркүйек

**Қатысқаны:** 45 ата-ана

**Тақырыбы:** «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

**Қатысқандар:** 9-11 класс жетекшілері, ата-аналар.

**Күн тәртібінде:**

1. "2021-2022 оқу жылының қорытындысы:ҰБТ, жаңалықтар мен өзгерістер
2. Мектептің ішкі тәртіп ережелері
3. Жасөспірімдер мен мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу
4. Жасөспірімдік кезеңде тұлғалық дағдарыс ерекшеліктері
5. Әртүрлі мәселер қаралды.

**Тындалды:**

19 қыркүйек күні "Бала қауіпсіздігі басты назарда" тақырыбымен 9, 10,11 сыныптар ата-аналарына арналған жалпы жиналыс өткізілді.

Мектеп директорының орынбасарлары Г. К. Жаржанова , А. Ж. Рахметова ұлттық бірыңғай тестілеу, негізгі мектепті бітірушілерге арналған қорытынды аттестаттау және МТТЕ туралы ақпараттандыра отырып, ата-аналардың сұрақтарына жауап берді.КТІЖ инспекторы Н. Ж. Қиюбек құқықбұзушылық фактілерін ұсына отырып, алдын алу жұмыстарымен бөлісті. Ата-аналардың сауалдарына жауап берді. Мектеп психологі А. Ғ. Саин балаға ата-аналар тарапынан қажет қолдаулар мен орындалуы тиіс талаптарға негізделген психологиялық тренингтер өткізді. Әртүрлі мәселер бойынша сұрақ-жауап жасалып, күн тәртібіндегі мәселелер қорытындыланды. Жиналысты ата-аналар класс жетекшілерімен кабинеттерге жеке жұмыстар үшін бөлініп, жалғастырды.



## №69 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметі

### ХАТТАМА

2023 жылғы 25 қараша

**Қатысқаны:** 19 ата-ана

**Тақырыбы:** «Қазіргі кездегі дұрыс мамандық – сәтті болашақ»

**Қатысқандар:** 9-класс ата-аналар жиналысы

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүзеге асыруға бағытталған «Қазіргі кездегі дұрыс мамандық – сәтті болашақ» тақырыбында 9-класс оқушыларының ата –аналарымен өткізілді. Жиналыста «Баланың мамандық таңдау мәселесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында баяндама оқылды. Баяндамада мамандық таңдаудағы балаға көмек көрсету жолдары, түлектер арасында ең танымал мамандықтар, қазіргі заманның табысты мамандары, болашақтың табысты мамандары туралы ата – аналарға ақпарат берілді. «Кәсіптік бағдар беру» және «Жасөспірімдердің ересектерге арналған месседжі» атты бейнебаяндар көрсетіліп, ата-аналардың пікірлері тыңдалды.



## №69 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметі

### ХАТТАМА

2023 жылғы 20 қаңтар

**Қатысқаны:** 45 ата-ана

**Тақырыбы:** «Бала болашағы бүгіннен» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

**Қатысқандар:** жалпы ата-аналар жиналысы

20 қаңтар күні ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыстың күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралды.



1. «Бала болашағы бүгіннен» Мектеп директоры А. А. Абжалелова
2. «Отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері» Тукешова А. С
3. «ҰБТ: өзгерістер мен жаңалықтар» Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сырашова Г. К
4. «Мамандық таңдау- жауапты іс» Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Ж. Рахметова.
5. Әртүрлі мәселелер.

Әйелдерді отбасылық зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы, полиция капитаны А. С. Тукешова жиналысқа арнайы шақырылып, ақпараттық-түсіндірме жұмысын жасады. Ата-аналар түйткілді сауалдар қойып, қажетті ақпараттар және мәліметтермен қанықты. Жарыс сөз көрігін қыздырып, ыстық лебіздері мен ықылыстарын білдірді.



## №69 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметі

### ХАТТАМА

2023 жылғы 26 қаңтар

**Қатысқаны:** 23 ата-ана

**Тақырыбы:** «Отбасы – бақыт мекені»

**Қатысқандар:** 7 «Ә» класс ата-аналар жиналысы



2023 жылдың 26 қаңтар күні №69 жалпы білім беретін орта мектепте «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Бала тәрбиесін жетілдіруге бағытталған игілікті шараға 7 «Ә» класс ата-аналары мен оқушылары, мектеп әкімшілігі және сынып жетекшілері қатысып, отбасы құндылықтарын талқыға салды.

Шараның мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеу, бала тәрбиесіндегі ата-ананың көзқарасын кеңейту, ұстаз – оқушы – ата-ана қарым-қатынастарын жақсарту, отбасындағы сыйластық, сүйіспеншілік, махаббат сезімдерін нығайту.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі білім беру және тәрбиелеудегі басты міндеттеріміздің бірі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, бала тәрбиелеуді іске асырушылар – мектеп пен отбасы. Осы мақсатта ата-аналарды педагогикалық үдеріске тарту арқылы бала тәрбиесінің мақсат, міндеттерін түсінуіне, бала тәрбиесін ойдағыдай іске асыруларына ықпал ету.



## №69 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметі


### ХАТТАМА

2023 жылғы 24 ақпан

**Қатысқаны:** 55 ата-ана

**Тақырыбы:** «Буллинг пен кибербуллингтің алдын алуда ата-ананың рөлі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

**Қатысқандар:** жалпы ата-аналар жиналысы



2023 жылғы 24 ақпан күні "№ 69 жалпы білім беретін орта мектебі" КММ 2023 күнтізбелік жылдың бірінші тоқсаны бойынша мектеп бойынша ата-аналар комитеті құрамының қатысуымен кеңейтілген қамқоршылық кеңес отырыс болып өтті. Күн тәртібінде қарастырылған мәселелер:

1. 2022 күнтізбелік жылға жан басына бөлінген қаржының игерілуі және 2023 күнтізбелік жылға жұмыс жоспары

2. 2022-2023 оқу жылындағы оқу –тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы жағдайы, назар

аударарлық мәселелер.

3. Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 534 бұйрығы негізінде мектеп оқушыларының мектеп формасын ұсыну

4. Буллинг пен кибербуллингтің алдын алуда ата-ананың рөлі туралы мәселелер қаралды.

Кеңеске төраға М.Төленғалиева төрағалық етіп жүргізді. Күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты оңтайлы шешімдер қабылданды.



## №69 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметі

### ХАТТАМА

2023 жылғы 19 наурыз

**Қатысқаны:** 12 ата-ана

**Тақырыбы:** «Баланың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы»

**Қатысқандар:** ата-аналар жиналысы



2023 жылдың 19 наурыз күні «Баланың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс мақсаты: ата-аналарға оқушылардың ғаламтор желісіне тәуелділігінің зияндылығы туралы ой бөлісіп, оның алдын алу шараларын ұсыну.

Оқушылардың ғаламтордағы ақпараттардың барлығы шындыққа жаңаса бермейтіндігі және кейбір ақпараттардың жалған, сонымен қатар ғаламтордағы, әлеуметтік желілердегі ойындар мен түрлі топтар адамның мінез-құлық әрекетіне, денсаулығына, көз көрмеу, қалтырау, сүйек ауруларына, қан қысымының жоғарылауына, ойды жағымсыз ақпаратпен ластауға, уақытты зая кетіруге әкеп шалдықтыратыны туралы ескерілді.

### ҒАЛАМТОР:


**Жағымды жақтары?** **Жағымсыз жақтары?**



**СУРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРІҢІЗДЕР:**

- ✓ Ғаламтор бізге қандай жақсы нәрселер береді? Пайдасы қандай?
- ✓ Бала Ғаламтор желісінде болғанда оған қандай қауіптер кездесуі мүмкін?

### Ғаламтор: жақсы ма, жаман ба?



ЖАҚСЫ	ЖАМАН
Оқуда көмек береді	Ұнамсыз сайттар
Оқуға қатысты мәлімет қарау	Алаяқтар
Музыка	Арам ниетті қаскүнемдер
Мультфильмдер, фильмдер	Кибербуллинг
Дамытушы ойындар	Тәуелділік
???	???

### Ата-аналарға не істеу керек?

Қатаң қадағалау және шектеу

1. Компьютерді ортақ бөлмеде орналастырыңыз
2. Балаға желідегі құпиялық ережелерін үйретіңіз
3. Балаға желідегі алаяқтар мен қылмыскерлер туралы айтып беріңіз
4. Виртуалды таныстарымен кездесуге қатаң тыйым салыңыз. Ондай кездесудің қандай қауіпті болатынын түсіндіріңіз
5. Ата-аналық бақылау бағдарламаларын орнатыңыз
6. Компьютерде жұмыс жасау уақытын шектейтін бағдарламаны орнатыңыз